

МРНТИ 02.01.07

У.Т. Сарбасов¹

¹Мемлекеттік мекеме «№25 орта мектеп»
(Астана, Қазақстан)

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ РУХ ЖӘНЕ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНЕ АҒАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация

Мақалада қазақ ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармалары негізінде оқушылардың рухани тәрбиесі туралы мәселе қарастырылған. Шәкәрім шығармаларындағы философиялық мәселелі талдана отырып, әлем философтарының идеяларымен салыстырылды. Ақын туындылары таптырмас философиялық қазына екені дәлелденді.

Шәкәрімнің шығармалары дені сау, еңбекқор, сымбатты әрі патриот келешек ұрпақты тәрбиелеуге негіз бола алады деген тұжырымдама жасалды. Ол болашағымыздың іргетасы мықты болуына ықпал ете алар еді.

Тірек сөздер: Шәкәрім, поэзия, рух, дене, тәрбие, ақыл, адамгершілік.

У.Т. Сарбасов¹

¹Государственное учреждение «Средняя школа №25»
(Астана, Казахстан)

ПРОБЛЕМЫ ДУХОВНОГО И ФИЗИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ СТУДЕНТОВ С ПОМОЩЬЮ ПОЭЗИИ ШАКАРИМА КУДАЙБЕРДИЕВА

Аннотация

В статье рассматривается проблема духовно-нравственного воспитания школьников на основе произведений казахского поэта Шакарима Кудайбердиева. Философская проблема, освещенная в стихотворениях Шакарима, сопоставляется с идеями мировых философов. Доказано, что работы поэта являются бесценным философским сокровищем.

Утверждается, что произведения Шакарима могут стать основой при воспитании здоровых, трудолюбивых патриотически мыслящих молодых людей.

Ключевые слова: Шакарим, поэзия, дух, тело, воспитание, сознание, нравственность.

U.T. Sarbasov¹

¹State institution Secondary school №25
(Astana, Kazakhstan)

PROBLEMS OF SPIRITUAL AND PHYSICAL EDUCATION OF STUDENTS WITH THE POETRY OF SHAKARIM KUDAYBERDIEV

Annotation

The article deals with the problem of spiritual and moral education of schoolchildren on the basis of the works of the Kazakh poet Shakarim Kudaiberdiyev. The philosophical problem, illuminated in the poems of Shakarim, is compared with the ideas of world philosophers. It is proved that the poet's works are an invaluable philosophical treasure.

It is asserted that the works of Shakarim can become the basis for the education of healthy, hard-working patriotic future generation. It could be the foundation for our future.

Keywords: *Shakarim, poetry, spirit, body, education, consciousness, morality.*

Шәкәрім ойшылдың кез келген шығармаларында жан мен тәні сау, дене қабілеті ерекше дамыған ұрпақ тәрбиелеу мәселесі жан-жақты көрініс тауып отырады. Ойшыл ақын өз поэзиясында ғаламды «әлемдік жан» деп қарастыра отырып, жан мен тән абстрактілі бөлек өмір сүреді демейді, бізді қоршаған объективті өмірде жансыз тән болмайды, жан тәнсіз өмір сүре алмайды деп түйіндейді:

Түрлі жанда дене түрлеп,
Өзгеріп тұр бұл ғалам.
Жоғалатын нәрсе жоқ деп,
Айтты ғылым байқаған [1, 266 б.].

Шәкәрімше «тән-терезесі» болса, «Жан-иесі», жан алғашқы болса да оның іші-сырты деген болмайды. Шәкәрімнің бұл ойы Гегельдің табиғат туралы «құбылыссыз мән болмайды, мәнсіз құбылыс жоқ» деп бірлікте қарастыруына жақын болса, сол сияқты тәнді о баста тірі, жанды деп түсіндірген ежелгі гректердің Иония мектебінен шыққан философтар - Фалес, Анаксимандр, Анаксимен, Диоген, Гераклит шығармаларымен таныс екендігін дәлелдейді. «Үш анықта»: «Ескі заманның білімділері әр нәрсенің түпкі негізі неден жаралғанын тексеріп, тамам нәрсенің негізі төрт нәрсе деп білген. Онысы - от, су, топырақ, ауа» [2, 8 б.]. Әрине, Шәкәрім поэзиясындағы "түрлі жанның" ең мәртебелісі адамның жаны, табиғаты, яғни, денесі туралы айтпас бұрын, жан мен табиғат бір нәрсе екенін аңғарамыз. Адам өзінің дене тәрбиесін мықтап қолға

алу үшін, өз рухани әлемін терең түйсіне білуі, алдымен өзін тануы қажет.

Шәкәрімнің табиғат туралы поэзиясы гилозоизмның (рухани табиғат) нышаны болып табылады. Өйткені, ақын табиғатты құдайды пенде көзінен жасырушы емес, табиғаттың құдаймен тұтастығының өзі оның адам көзінен жасырынбай тұрып-ақ құпия бола білуінде деп түсінген. Бұл – Шәкәрімнің құдайды белгілі бір есімсіз жар деп атауынан да байқалады.

Шәкәрім бұл әлемнің құдайдан бөлек еш нәрсесі жоқ екенін былайша жырға қосады:

Бұл өмірдің әр түрлі
Бөлек емес ешбірі,
Бәрі де жардың бір сыры;
Не көлеңке, не нұры [1, 256 б.].

Ақын құдайтануды тікелей табиғаттан бастау, үйрену керектігін басты назарға алады. «Тауық неге шақырар сағат сайын» деп басталатын өлеңінде тауықтың шақырғаны, иттің ұлығаны, гүлді көріп бұлбұлдың сайрағаны, бозторғайдың таң бозарса - ақ ән салатыны - олардың өз Тәңірін сипаттауы, олардың құлшылық намазы мен иманы сол:

Олар деп тұр - ойға алып бір құдайын,
Зор құдіретін әлемге ұқтырайын.
Құлшылық намазы мен иманы сол, -
Күнде бір, айында бір, сағат сайын.

Демейді босқа ұлып, тек сайрайын,
Деп тұр ол өз тәңірін сипаттайын.
Нәпсі көзін байлаған адамзаттан
Айуан артық біледі өмір жайын [1, 263 б.].

Шәкәрім табиғатта бәрінің себебі бар, саналы, тәртіпті, сезімді, мақсатты әрекет екенін таза ақылмен өлшеп сынау керектігін дәріптейді.

Тұңғиық қараңғы түн, жарық күндіз,
Қуалап бірін-бірі жүр тынымсыз.
Біржолата қараңғы болмасын деп,
Көмескі сәуле берер ай мен жұлдыз.
Жүрісі шатаспайды, шаршамайды,

Дыбыс жоқ, кідіріс жоқ, не қылмайды із [1, 199 б.].

Ақынның поэзиясында адам әлемдегі қозғалатынның бәрінің жаны бар екенін сезініп, табиғатты тамашалау қуанышын өзіне

бақыт деп білуі тиіс, айналаға қарап таңдана білудің өзі үлкен мектеп:

Таң қаларсың, ойға салсаң,
Қар жасаған шытырасын.
Жаратылыстан ғибрат алсаң,
Болар едің ойқұмар [1, 265 б.].

Шәкәрім үшін табиғат – кәдімгі күн мен ай, көк аспан, жұлдыздар, жер дүниесі, тағы басқалар. Бірақ олардың мың түрлі құбылыстарындағы кереметінен-ақ адам жардың құдайылық қолтаңбасын көріп, сүйсіне, үйрене, сүйе білуі, табиғатпен тұтастығын сезіне білуі керек. Шәкәрім өзінің Хафизден аударған өлеңдеріне мынадай түсініктеме жазады: «...Алла тағала һәм табиғаттың көркемдігі. Мысалы: «Жаз таңының нұр желі» деген жырының мағынасы - бостандық келерде адамдардың әр түрлі партия толқыны табиғат тұрмысын шайқалтып, бізді қатты қайғыға салып тұрады дегенге келеді» [3, 149 б.]. Бұл түсініктеме арқылы ақынның төл поэзиясынан да адам өмірі ғаламның космостық заңдарына байланысты екенін байқау қиын емес. Ақын өлеңдерінде күнді - атам, жерді - анам деп еміренеді:

Ата -ана қалды, аһ, дариға-ай,
Күн болды Жер мен ата-анам [1, 187 б.].

Ақын өз поэзиясында жарды сүю айналанды сүюден басталатынын өсиеттейді. Өмірді сүюді табиғаттан артық білетін ешкім жоқ. Сол сияқты табиғат өзінің ішінен шыққан баласы - адамды да өз қамқорлығына алған:

Таласпай бөліссе
Табиғат байлығын.
Қара жер тойғызар
Адамның барлығын [1, 199 б.].

Бірақ адам да табиғатқа солай жауап беруге міндетті. Ақын адамзат баласына ортақ мәселеге айналған экологиялық дағдарысты бір ғасыр бұрын пайғамбарлықпен сезгендей, көріпкелдікпен ескерткен:

Айуан етін, терісін, сүт пен күшін,
Ара балын, су балық, жер жемісін,
Құс денесін, жүні мен жұмыртқасын
Сақтап жүр ғой дейсіз бе адам үшін [1, 155 б.].

Ақын өлеңдерінде жаратушы жар-ие құпия бола тұрып, адаммен жасырынбақ ойнамайды. Ол өзі жаратқан табиғат жасампаздығы арқылы өзінің бар екенін куә етіп тұрады.

Табиғаттың бір бөлшегі - адам құдайды өз жанынан іздеу керек, ол үшін өзінді таны, өзіңе іштей үңіл, ішкі даусыңа құлақ сал дейді:

Ойды кімнен алғанын

Адам өзі сезбейді.

Жанның айдап салғанын

Сезбесе де іздейді [1, 264 б.].

Ақынның арманы да - әлем-жармен бірігу, үйлесімге келу. Табиғат заңымен өмір сүрсе, жер бетіндегі Тәңірдің ең саналы куәгері адамға да табиғаттың қатынасы ерекше болар еді:

Жарды көрген көзімнен сүймек болып,

Ғажап та тамам айуан анталаса [1, 259 б.].

Жар-табиғаттың перзенті - адамға мейірі шын мағынасында ерекше екенін төл баласы айналаға деген махаббаты арқылы сезеді:

Адамға періштелер сәжде қылған,

Адамнан жарым артық тым тамаша.

Жалтарып жардан нұрын жасырғаны,

Күн батып, Жер жамылып, қорғаласа.

Жер жүзіне қып-қызыл гүл бітірем,

Көзімнен қанды жасым сорғаласа.

Жарды көрген көзіме шоқынып жүр,

Су бұраңдап, майысып жорғаласа.

Тау тапжылмай, ағаштар қалғыр ма еді,

Бастарын жар сиқыры торламаса?

Көрсө еріксіз сайрай ма ақын-бұлбұл,

Көңіліне гүлдің нұры орнамаса [1, 259-260 бб.].

Ақын өзінің көңіл-күйін, сезімін табиғатпен біртұтастықта жырлайтын, табиғат жанының сезімталдығын өз жүргенінен өткізген өлеңдері туралы Ш.Сәтпаева: «Шәкәрімнің өлеңдерінде табиғаттың тірі өмірі бар, біз оның қозғалыстағы тынысын, лирикалық қаһарманның өзінің аласұрған көңіл-күйін сезінеміз», - дей отырып, ақын поэзиясындағы табиғат жанына үңілуге шақырады [4, 36 б.].

Жалпы, ақындықтың өзі табиғат деп қарай отырып, ақынның табиғаты туралы айтқанда, ақын табиғаттың әр құбылысына жан бітіріп кейіпкер етпес бұрын, ақынның өзі табиғат кейіпкеріне айналуы қатар жүріп, бір-біріне еніп, қауышып, тоғысып отырған. Шәкәрім поэзиясын мұқият оқығанда ұлы ақындар ғаламның айтқан сырын пенделердің тіліне аударушы өкілдер ретінде адамзат алдында сөз алып тұрған пайғамбарларға айналып кеткендей әсер береді. Олар өздерінің тағдыр – талайымен күресе жүріп, жаратылысымен бірге біткен ақындық тамаша таланттары арқылы

адамзатқа тән асыл міндеттерін орындап өткен. Сол сияқты, ақындықтың өзі табиғат арқылы жаратқанның сыйлаған жан сұлулығы екеніне қос ақынның поэзиясы шәк келтірмейді. Сондықтан олардың өлеңмен өрілген өмірлері де ғалам тынысымен бірге жасасып, ұрпақтан ұрпаққа жалғаса бермекші.

Шәкәрім «Адам немене?» атты өлеңінде барша адамзат баласы бір бауыр болғанымен ғылымды, білімді, өнерпаз елдердің өздері қарумен елді қырып, мықтының әлсізді құлдануын, дене күшін зұлымдыққа жұмсауын, адамзат тарихындағы прогресстің ешбірі заман дамыған сайын ақымақтық пен хайуандықтан шыға алмай отырғанын ашына жазады:

Бақ – дәулетті мол берді жаратылыс,
Пайдаланып, қылсаңшы жақсы жұмыс.
Табиғаттың таусылмас қасиетін
Жұрттың жұмсап жүргені - ақылсыз іс.

Қайда кетті жаралыс берген байлық,
Ұстанғалы әскер мен қару сайлық?
Жаны ашымай әлсізді аңша қырып,
Мейірімсіз, озбырлығы осындайлық.

Мұнысы айуаннан қалай дейсің,
Бір жаңа өнер шықса, «пәле – ай», дейсің.
Ол өнермен өзгені құлданып ап,
Аямай өз бауырыңды қалай жейсің?

Күн көре алмай жақының жатыр өліп,
Шіміркенбей жемтігін жейсің бөліп.
«Ғылым деген бұл болса, адыра қалсын,» -
Демеске бара жатыр ішім толып.

Қанеки, ақ жүрекке қайсың жеттің?
Жеттім деп тамам жанды тентіреттің.
Жиырмамыншы ғасырдың адамынан
Анық таза бір елді көрмей өттім [1, 180 б.].

Шәкәрім өз шығармашылығында бұл дүниеге тән қожа болмай жан қожа болғанда ғана әлем жалғаннан ақиқат дүниеге айналатынын айтады.

Өз бауырын өлтіретін жауыздық, прогресстің, тарихтың ақылға сиымсыздығы, ақиқаттың бүгін бір түрлі, ертең басқаша

болып салыстырмалы түрде құбылуы, адам жанының иррационалдылығы басқа да Еуропа ойшылдары сынды Шәкәрімнің танымына көп сауал әкелді.

Осы кезде адамның Ұлы жануар екенін көрсететін еңбектер көптеп (Ницше, Шопенгауэр, Достоевский) дүниеге келе бастаған болатын. Тәннің сұранысы жеңген адам өз өмірінің мағынасыздығын бастан кешіп жатқан шақта Шәкәрім «Тән билемей, жан билеп, ақылдың соры қайнап жатқан» шақтың барлық кемшілігін көре білді. Бірақ, Адамға деген сенімін жоғалтпады. Ақын әрбір тәннің тарихы бар екенін, оның шовинист «бұзық қан» болып тарихты ылайлауы ұлтқа, дінге, территорияға бөлінуші өзімшіл қатыгездігі деп түсінгенін өлеңінде былайша жазады:

Адамның бәрі бір,
Болмайды аласы.
Оларды бұзатын

Нәпсінің таласы [1, 186 б.].

Алдымен жанды тәннің түрмесінен босатып алып, адамды хайуандық нәпсіден азат етуді арман еткен бостандықтың жыршысы Шәкәрімге «Адам ақиқатты бас көзімен емес, ақыл көзімен көреді» деген. Мысалы, Шәкәрім шығармаларында Батыс ойшылдарынан Огюст Конттың көзқарасы неге сынға алынған деген мәселеге келейік. О. Конттың позивитизмі туралы Шәкәрімнің «Тіршілік, жан туралы» көлемді өлеңінде мынадай шумақтарды оқуға болады:

Қасыңа қылыш қайратқан,
Досыңа гүлдей жайнатқан,
Ерік пен талап ой беріп,
Ойыңды сөзбен сайратқан
Жан емес дейді «білгіштер».

Осыған нанған есерлер,
Ойы кем сөзге шешендер,
Ақылмен жанды тексермей,
Денешіл, пәншіл кеселдер,
Дәлелсіз сөзбен ілгіштер.

Бұл жан басынан бар,
Ойла, тексер ақылмен,
Құр сөзбен нанып ден қойма!
Шын таза ақылдың таппас заты жоқ.
Ол қасиетін жойма.

Оларды сөзбен қайраған,
Ақылдан алыс айдаған,
Ойменен тапқан бұлдыр деп,
Дене мен пәнге байлаған.

Баяғы Конттың сөзі еді [2, 227 б.].

Шәкәрім Огюст Конт туралы жоғарыдағы шумақтарда «білгіштер» дей отырып, позивитизмін былайша сынға алады: «1797 жылы туып, 1857 жылы өлген Огюст Конт деген адам: «Физика жолымен анықталмаған, метафизика нәрсені білем деп әуре болмайық. Дене сезімімен барлығы табылған нәрсені ғана шын деп білейік» - деген. Бір жол шығарып оған «Позивитизм» деп ат қойған. Соған нанып қалып, сол жолға түсіп, дененің бес сезімі арқылы білінбеген нәрсені біржола жоқ деп қоятын болған. Сөйтіп, жанның ең қасиеті - терең ой, нөқтадан сау ақылын арқандап қойып қазақтың қарын терезесінен қарап, өз жанын тани алмай қалған» [5, 31 б.]. Ш. Құдайбердіұлы Конттың бес сезім мүшесі арқылы жаратылыстану ғылымдары арқылы бір езу танымның адамға толық білім бермейтінін «Дене сезіміне нанба!» деп жеткізеді.

Сезіміздің соңында ұлылар салған ізбенен рухани көшімізді жалғастыра отырып, келешек ұрпақтың дені сау, еңбекқор, сымбатты да патриот болып тәрбиеленуі болашағымыздың да іргетасы мықты болуына ықпал ете алар еді деп ойымызды қорытамыз.

Әдебиеттер:

1. Шәкәрім Құдайбердіев. Шығармалары: Өлендер, дастандар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1988.
2. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Үш анық. – Алматы: Қазақстан, Ғақлия, 1991. – 8 б.
3. Шәкәрім. Иманым. – Алматы, Арыс, 2000. – 149 б.
4. Сәтпаева Ш.К. Шакарим Кудайбериев. – Алматы: Ғылым, 1993. – 36 с.
5. Құдайбердіұлы Ш. Тіршілік, жан турлы. // Абай. – 1994. – № 9.

References:

1. *Shakarim Qudajberdiev. Shygarmalary: Olender, dastandar, qara sozder.* –Almaty: Zhazushy, **1988.** (*In Kazakh.*)
2. *Shakarim Qudajberdiuly. Ush anyq.* – Almaty: Qazaqstan, Gaqlija. **1991.** – 8 b. (*In Kazakh.*)
3. *Shakarim. Imanym.* – Almaty: Arys, **2000.** – 149 b. (*In Kazakh.*)
4. *Satpaeva Sh.K. Shakarim Kudajberdiev.* – Almaty: Gylym, **1993.** – 36 s. (*In Kazakh.*)
5. *Qudajberdiuly Sh. Tirshilik, zhan turly.* // Abaj. – **1994,** – № 9. (*In Kazakh.*)